

БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ЖАЗАСЫ

► ДИЛАРА МЕНДІБАЕВА

Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол адам құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодексте көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады. Бұл жаза ұғымына Қылмыстық кодекстің 39-бабында анықтама берілген. Қылмыстық заң нормаларын сақтауды мемлекет мәжбүрлеу арқылы қамтамасыз етеді. Себебі, бұл нормалардың бұзылуы – мемлекет пен қоғам немесе жеке азаматтар мүддесіне үлкен зиян келтіреді. Жаза қолданудағы басты мақсат – адам мен азаматтың құқығын, заңды мүдделерін бейбіт өмір мен адамзат қауіпсіздігін, жекеменшік ұйымдардың құқығын, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады.

Жаза арқылы адамның және азаматтардың құқығы, бостандығы, заңды мүдделері мен қауіпсіздігі, ұйымдардың меншіктері, құқықтары мен заңды мүдделері, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік, қоршаған орта, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымы мен мемлекеттің заңмен қорғалатын басқа мүдделері сонымен қатар, әртүрлі қылмыстық қастандықтан қорғалады. Қылмыстық кодексінің 40-бабының 2-тармақшасына сәйкес, қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға; айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру, өлім жазасы түріндегі жазалар қолданылуы мүмкін.

Бас бостандығынан айыру сотталған адамды түзеу мекемелерінде жазасын өткеруге жіберуді көздеп, осы арқылы оны қоғамнан оқшаулайды. Осы Кодексте көзделген қылмыстарды жасағаны үшін алты айдан он бес жылға дейін, ал аса ауыр қылмыс үшін жиырма жылға дейін немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру

«Жаза дегеніміз – сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол адамды құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодексте көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады» (39-бап). Бұл жаза ұғымына Қылмыстық кодекстің 39-бабында берілген анықтама.



жазасы белгіленеді.

Өмір бойына бас бостандығынан айыру аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ өлім жазасына балама ретінде белгіленуі мүмкін. Өмір бойына бас бостандығынан айыру он сегіз жасқа толмай қылмыс жасаған адамдарға, әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан ер азаматтарға тағайындалмайды. Кешірім жасау тәртібімен өмір бойына бас бостандығынан айыру белгілі бір мерзімге дейін бас бостандығынан айыру қарастырылуы мүмкін (ҚК 46-б).

Өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандар камераларға орналастырылып, олармен тәрбие жұмыстары белгілі бір тәртіпке сәйкес жүргізіледі. Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазалау болмаған жағдайда жазаны өтеудің дағдылы түрлерінен жазаны өтеудің жеңілдетілген түріне ауыстыру тек он жылдан кейін жүргізіледі. Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандар, сондай-ақ, өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылған сот-

талғандар жазасын төтенше қауіпсіз мекемелерде басқа сотталғандардан бөлек өтейді (ҚАК 141-б).

Өлім жазасын қолданбау, өлім жазасына альтернативті жаза ретінде сот шешімі бойынша жүзеге асырылады. Сонымен қатар, өмір бойы бас бостандығынан айырылған жандарға мерзімінен

бұрын шартты түрде босату көзделген. Егер өмір бойына бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамға сот шешімі бойынша оның бұл жазаны одан әрі өтеуін қажет етпейді деп таныса және ол бас бостандығынан айырудың кемінде жиырма бес жылын іс жүзінде өтеген жағдайда шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Егер сот тағайындаған өмір бойына бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам процестік келісімнің барлық талаптарын орындаса, ол бас бостандығынан айырудың кемінде он бес жылын іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін (ҚР ҚК 72-б).

